

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды) Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарына және басқа да халықаралық жарыстарға даярлау жөніндегі ұйымдастыру комитеттерінің құрамдарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 840 қаулысы

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды) кезекті 2018 жылғы Пхенчхан қаласындағы (Корея Республикасы) XXIII қысқы Олимпиада және XII қысқы Паралимпиада ойындарына, 2018 жылғы Джакарта мен Палембанг қалаларындағы (Индонезия) 18-ші жазғы Азия және 12-ші Параазия ойындарына, Буэнос-Айрес қаласындағы (Аргентина) 3-ші жазғы жасөспірімдер Олимпиада ойындарына, Лозанна қаласындағы (Швейцария) 3-ші қысқы жасөспірімдер Олимпиада ойындарына және 2020 жылғы Токио қаласындағы (Жапония) XXXII жазғы Олимпиада және XVI жазғы Паралимпиада ойындарына дайындық жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2017 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 840 қаулысымен

бекітілген

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды) кезекті 2018 жылғы Пхенчхан қаласындағы (Корея Республикасы) XXIII қысқы Олимпиада және XII қысқы Паралимпиада ойындарына, 2018 жылғы Джакарта мен Палембанг қалаларындағы (Индонезия) 18-ші жазғы Азия және 12-ші Параазия ойындарына, Буэнос-Айрес қаласындағы (Аргентина) 3-ші жазғы жасөспірімдер Олимпиада ойындарына, Лозанна қаласындағы (Швейцария) 3-ші қысқы жасөспірімдер Олимпиада ойындарына және 2020 жылғы Токио қаласындағы (Жапония) XXXII жазғы Олимпиада және XVI жазғы Паралимпиада ойындарына дайындық жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

Паралимпиада ойындарына дайындық жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, тәраға

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі, тәрағаның
орынбасары

Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті, тәрағаның
орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Паралимпиада комитетінің президенті, тәрағаның
орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетінің бас хатшысы (келісім
бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Паралимпиада комитетінің бас хатшысы (келісім
бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК